

"Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі келісімдер мен шарттарды бекіту туралы <*>

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 сәуір 1993 ж. N 260.
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 29.12.1993 ж. N 1308 қаулысын қарау қажет. ~P931308

"Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі негіз қалаушы құжаттардың әзірленуін аяқтауға байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Атырау облысындағы Теңіз мұнай кен орнын "Шеврон" корпорациясының қатысуымен игеру үшін "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі жасасылған келісімдер мен шарттар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Байланыс министрлігі, Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жерге орналастыру және жер қатынастары жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының өнеркәсіпте жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Атырау облысының әкімі, республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволары, "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнын белгіленген тәртіппен шаруашылық қызметті жүргізуге қажетті барлық лицензиялармен және рұқсаттамалармен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Атырау облысының әкімі "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының қызметін үйлестіруді және оның жоспарларын Қазақстан Республикасының мұнай газ саласын дамыту және осы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасымен үйлестіруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі Р. Т. Шырдабаев, "Тенгизнефтегаз" акционерлік қоғамының бас директоры, С. Сағитжанов, "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті М.Ғ. Саламатов "Теңізшевройл" Серіктестік Кеңесінің мүшелері болып бекітілсін. <*>

Басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қ.Қ.Бәйкенов, Б.Д.Елеманов, М.Д.Батырбаевтар жоғарыда көрсетілген Кеңес мүшелігінен шығарылсын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті

Әріптестік Кеңесінде жұмыс істейтін байқаушыларын анықтасын.

Ескерту. 4-тармақтың 1 абзацына толықтай түзетулер енгізілді.

(ҚРМК-нің 1994 ж. 28 шілде, N 838 қаулысы бойынша).

Ескерту. 4-тармаққа ішінара өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің

1994 ж. 5 қазан, N 1110 қаулысымен.

5. Құрылтай құжаттардың қағидаларына сәйкес Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына Американ Тарабы жасайтын төлемдерден 50 млн. АҚШ долларын жұмсауға рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қатысуымен үш ай мерзім ішінде Қазақстан Тарабына тиесілі барлық валюталық түсімдерді бөлу мен пайдалану тәртібін анықтасын және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне республикалық мұнай газ саласын дамыту және құрылтай құжаттарды әзірлеу және "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнын қалыптастыру кезінде шақырылған консультанттар атқарған жұмыстарды төлеу үшін 25 миллион АҚШ доллары мөлшерінде жазылым бонусы бөлінсін.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстарын министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының қатысуымен табиғат қорғау жөніндегі қаржыландыруды қоса тараптардың жұмысы мен міндеттемелерінің бағдарламасын әзірлесін және республика Үкіметі шешімінің тиісті жобасын енгізетін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Көлік құрылысы министрлігі, Байланыс министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі бір ай мерзімде "Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан өңірінде көлік инфрақұрылымы мен байланысты дамыту туралы" республика Үкіметінің қаулысының жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен бірлесіп және "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының қатысуымен осы бірлескен кәсіпорынның республиканың өзінде жалданатын қызметшілеріне ішінара еркін айналыстағы валютамен еңбекақы төлеу жөніндегі мәселені шешсін.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Атырау облысындағы Ембі ауданының әкімі белгіленген тәртіппен "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнын тіркейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК